

aceline

Термос Aceline TR-1000, TC-500R, TC-1000R, MG-480, MG-350

Құрметті сатып алушы!

«Aceline» сауда таңбасымен шығарылатын өнімдерді таңдағаныңыз үшін алғыс білдіреміз. Біз сізге жоғары сапаға, функционалдылыққа және дизайнға қойылатын талаптарға сәйкес әзірленген және жасап шығарылған бұйымдарды және құрылғыларды қуана ұсынамыз. Пайдаланар алдында қауіпсіздігіңізге қатысты маңызды ақпаратты, сондай-ақ осы өнімді дұрыс пайдалану және оған күтім жасау бойынша ұсыныстарды қамтитын осы нұсқаулықты мұқият оқып шығыңыз. Осы Нұсқаулықты күтіп ұстаңыз және өнімді болашақта пайдаланғанда оны анықтамалық материал ретінде пайдаланыңыз.

Термос сусындардың қоршаған ортаның температурасымен салыстырғандағы әлдеқайда жоғары немесе төмен температурасын ұзақ уақыт сақтауға арналған.

Сақтық шаралары

- Алғаш қолданар алдында бұйымды жақсылап жуыңыз.
- Термосты әр қолданғаннан кейін жуғыш затпен жуыңыз.
- Күйіп қалмау үшін, ыстық сусындарды термостың тура аузынан ішпеңіз.
- Термосқа қайнап тұрған суды құйғанда, аса сақ болыңыз.
- Термосты 3 жасқа дейінгі балалардың пайдалануына ересектердің бақылауымен ғана рұқсат етіледі.
- Термосты толтырған кезде сұйықтықты құтының ернеуіне дейін құймай, тығынды бұрап жабуға жетерліктей орын қалдырыңыз.
- Термосты сүт өнімдерін, балалар тағамын, газдалған сусындар мен мұз сақтау үшін пайдалануға кеңес берілмейді.
- Термосты ашық от көздеріне, сондай-ақ жылыту құралдарына жақын жерде қалдырмаңыз.

Техникалық сипаттамалары

Моделі	TR-1000*	TC-500R*	TC-1000R*	MG-480	MG-350
6 сағат өткеннен кейінгі термостағы сұйықтықтың температурасы	73 °C-тан төмен емес	73 °C-тан төмен емес	73 °C-тан төмен емес	49 °C-тан төмен емес	49 °C-тан төмен емес

* Сұйықтықтың температурасы 24 сағаттан кейін 35 °C-тан төмен емес. Тексеру кезіндегі құйылатын сұйықтықтың температурасы – 98 °C.

Термосты пайдалану

- Термос ішіндегісінің қажетті температурасын ұзағырақ сақтау үшін алдын ала мынадай әрекет жасаңыз: 2-3 минутқа қайнаған ыстық су немесе суық су құю арқылы бұйымның ішкі құтысын қыздырып немесе салқындатып алыңыз.
- Термосты толтырыңыз да, оның ішіндегі ыстық немесе суық сусыннан күні бойына ләззат алыңыз.

Термосты тазалау

- Термосты ыдыс-аяқ жуатын машинада, сондай-ақ жемір химиялық тазартқыштар мен қажақ заттарды пайдаланып жууға тыйым салынады.
- Термостың ішінде қошқыл дақтар пайда болса, оған ерітілген ас содасы бар қайнаған ыстық су құйып, 1 сағат қойыңыз да, сосын таза сумен шайып жуыңыз.

Монтаждау, сақтау, тасымалдау (көлікпен), сату және кәдеге жарату ережелері және шарттары

- Құрылғы қандай да бір монтаждауды немесе тұрақты бекітуді талап етпейді.
- Құрылғыны өндірушінің және тұтынушының жылытылатын жайларында қаптамада сақтау керек. Үй-жайларда коррозия тудыратын агрессивті қоспалар (қышқылдардың, сілтілердің буы) болмауға тиіс.
- Бұйымды құрғақ ортада тасымалдау керек.
- Бұйым мұқият күтім жасауды қажет етеді, оны шаңның, кірдің, соққылардың және т.б. әсерінен сақтаңыз.
- Бұл бұйымды кәдеге жарату қалдықтарды қайта өңдеу жөніндегі жергілікті нормалар мен ережелерге сәйкес жүзеге асырылуы тиіс.
- Бұйым Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес сатылуы тиіс.
- Құрылғыда ақаулық анықталған жағдайда, дереу өкілетті сервистік орталыққа хабарласқан немесе құрылғыны кәдеге жаратқан жөн.

Кепілді қызмет көрсету шарттары

Өндіруші бұйымның материалы мен құрастырылуында ақау жоқтығына кепіл болады. Кепілдік мерзімі өнімді сатып алған сәттен бастап есептеледі және ол тек жаңа өнімдерге қолданылады. Кепілді қызмет көрсету пайдаланушының нұсқаулығына сәйкес өнімді пайдалану шартымен кепілдік мерзімі ішінде тұтынушының кінәсіз істен шыққан элементтерді тегін жөндеуді немесе ауыстыруды қамтиды. Элементтерді жөндеу және ауыстыру өкілетті сервистік орталықтардың аумағында жүргізіледі.

Қызмет көрсету орталықтарының жаңартылған тізімі мына мекенжайда:
<https://www.dns-shop.ru/technical-support/>

Кепілдік мерзімі: 12 ай.
Пайдалану мерзімі: 24 ай.

Қосымша ақпарат

Өндіруші: ЮНКАН ЮАНЬТЭН КОММОДИТИ КО., ЛТД.
Кэюань 916 тас жолы, Экономикалық даму аймағы, Юнкан, Чжэцзян пров., Қытай.
Қытайда жасалған.

Импортер / юр.лицо, принимающее претензии в Казахстане:
ТОО «DNS KAZAKHSTAN», г. Нұр-Сұлтан, пр. Сарыарқа, дом 12, офис 301С, Казахстан.
Импорттаушы / Қазақстан шағымдар қабылдайтын заңды тұлға:
«DNS KAZAKHSTAN» ЖШС, Нұр-Сұлтан қ., Сарыарқа даңғ., 12-үй, 301С-кеңсе, Қазақстан.

Өнімнің спецификациялары, өнім туралы ақпарат, оның жиынтықталуы мен функционалдығы пайдаланушыға алдын ала хабарланбай өзгертілуі мүмкін.